

ЖШС «Жас Батыр Атырау» балабақшасы

Үйымдастырылған ашық оқу-іс әрекеті
Тақырыбы: «Аюлар мен Маша»
«Құлыншақ» кіші топ
14.11.2023ж.



Өткізген тәрбиеші: Утешева А.М.

Атырау қаласы
2023-2024 оқу жылы

Білім беру саласы: «Қатынас», «Таным»

Ұйымдастырылған оқу қызмет түрі: Сөйлеуді дамыту, сенсорика, мүсіндеу, шығармашылық

Тақырыбы: «Аюлар мен Маша»

Мақсаты: Күз мезгілі жайлы білімдерін кеңейту. Балалардың білімін бекіту, ертегілер үзінділерін әңгімелей білу. Қол еңбегі арқылы балалардың ұсақ-саусақ моторикасын жетілдіру. Түстерді ажыратып, ой - өрісін дамыту. Есте сақтау қабілетін, тіл байлығын нығайту.

Көрнекі құралдар: Дидактикалық ойындар, орамалдар, слайд.

Кейінкер: Маша қыз

Жылудық шеңберін құру.

Дөңгеленіп тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Қол алысып кәнеки,

Амандасып алайық.

Сәлем күнге көктегі,

Сәлем гүлге жердегі,

Сәлемімді жолдаймын,

Балыққа да көлдегі,

Сәлемімді жолдаймын,

Балыққа да көлдегі,

Тәрбиеші: Амансындар ма, балалар! Тамаша! Балалар қараңдаршы, бізге бүгін қонақтар келіп қалыпты. Балалар, айтыңдаршы, бүгін жылдың қай мезгілі?

Балалар: Күз мезгілі

Тәрбиеші: Күз мезгілінің ауа райы қандай болады?

Балалар: Күн салқындайды.

Тәрбиеші: Не жауады? Қалай жауады?

Балалар: Жаңбыр жауады. Тырс-тырс-тырс

Тәрбиеші: Жаңбыр жауғанда, не тарсылдайды?

Балалар: Найзағай соғады. Сарт-сұрт, сарт-сұрт.

Тәрбиеші: Ағаштағы жапырақтар не істейді?

Балалар: Сарғайып жерге түседі. Сыбдыр-сыбдыр, сыбдыр-сыбдыр.

Тәрбиеші: Құстар не істейді?

Балалар: Жылы жакка ұшады. Қиқу-қиқу, қиқу-қиқу.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Ендеше жақсы көңіл күймен ашық оқу іс-әрекетімізді бастайық.

Ғажайып сәт.

Маша жылап келеді.

Тәрбиеші: Маша сен неге жылап жүрсің? Сені кім ренжітті?

Маша: Мен орманда ойнап жүріп, адасып кеттім. Бір үйшікке кіріп едім, онда үш аю тұрады екен. Енді аюлар мені жібермей қойды. Себебі мен қонжықтың ботқасын жеп қойдым. Аю ананың орындығын сындырып алдым, Аю әкенің төсегін бүлдіріп алдым.

Экранға үш аюдың суреті шығады. Аудиомен: Салеметсіңдер ме, балалар! Біздің тапсырмаларымыз бар, соны орындап берсеңіздер. Біз Машаны үйге жібереміз.

Тәрбиеші: Балалар, Машаға көмектесеміз бе?

Балалар: Ия.

Тәрбиеші: Балалар, қандай жануарларды білесіңдер?

Балалар: Аю, сныр, қоян, т.б

Тәрбиеші: Ендеше балалар, жануарларды қоректендірейік.

Ойын: «Жануарларды қоректендір»

Ойынның шарты: Жануарлардың атауын атап, ол немен қоректенетінін айтып, оларды қоректендіреді.

Маша: Жарайсыңдар достарым. Сендер қандай ақылды екенсіңдер.

Тәрбиеші: Аюлар түстерді білмейді екен. Бәріміз бірге орамалмен би билеп, орамалдың түстерін айтып, себекке түстер бойынша орналастырайық.

Қимылды би «Орамалмен билейміз»

Ойынның шарты: Орамалдың түстерін ажыратып, түсін айтып, себетке түстер бойынша салу керек.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар балалар! Енді бәріміз 3 топқа бөлініп, орындарымызға отырайық. Аюлардың соңғы тапсырмалары бар екен, соны орындап берсек, Машаны үйге жібереді.

Дидактикалық ойындар: «Жануарлардың көлеңкесін тап», «Жемістерді жинау», Мүсіндеу «Күзгі жапырақтар»

Аю: Жарайсыңдар, балалар! Өте тамаша. Барлық тапсырмаларды орындадыңдар. Машаны үйге жібереміз. Маша, енді сен абайлап жүр. Үйден ұрықсатсыз кетпе. Сау болыңдар, балалар! Маша бәрімен қоштасып, шығып кетеді.

Үйымдастырылган ашық оқу-іс әрекеті
Тақырыбы: «Аюлар мен Маша»
«Құлыншақ» кіші топ

Ойын: «Жануарларды көркейтір»



Дидактикалық ойындар: «Жануарлардың көлеңкесін тап», «Жемістерді жинау», Мүсіндеу «Күзгі жапырақтар»



Қимылды би «Орамалмен билейміз»

